# Мектеп жұмысының жоспары,түрлері

Жоспары:

1. Жоспарлау туралы ұғым.
2. Жоспардың түрлері.

Жоспар жасау дегеніміз- оқыту мен тәрбие жұмысын жақсарту бағытында көптеген шараларды белгілеу.

Дәлелденген нақты жоспар-

оған мектеп басқару ісінің ғылыми жолмен келе жатқандығын көрсетеді.

Жоспар қысқа, нақты және айқын болу керек.

Нысаны бойынша жоспар

- Жоспардың түрлері
  - Мектептің 3-5 жылға арналған перспективалық жоспары
  - Мектептің оқу тәрбие жұмысының жоспары
  - Әдістемелік және сыныптан тыс жұмыстардың тоқсандық жоспары
  - Қоғамдық ұйымдардың жоспары

- Перспективалық жоспар аудандық (қалалық) оқу бөлімдерімен келісіледі. Міндеті мектепті белгілі бір кезеңге дейін дамытатын басты жұмыстарды белгілеу.

**Перспективалық жоспарда**:

- Оқушылардың, сыныптың саны, шамамен бөлінетін қаржы.
- Түрлі пәндер бойынша керекті мұғалімдер.
- Мұғалімдердің біліктілігін көтеру графигі.
- Құрылыс жөндеу жұмыстары, кабинеттерді жабдықтау, кітаптар сатып алу, т.б.
- Қаржы, сауда қызметі.
- Перспективалық жоспарда мұғалімдердің біліктілігін көтеруге ерекше орын беріледі.

# Оқу жылына арналған мектептің оқу-тәрбие жұмысының жоспарының үлгісі:

Құрылымы:

1. Кіріспе:

- Мөлтек ауданының ерекшелігі және мектеп жұмысына әсер ететін жағдайлар.
- Өткен оқу жылындағы жұмыстың қорытындыларын қысқаша талдау.

2. Біліктілікті көтеру және әдістемелік жұмыс.
3. Озық тәжірибені зерттеу және тарату.
4. Мектептегі ғылыми-педагогикалық ақпараттар.
5. Оқу-тәрбие процесіне басшылық.
6. Ата-аналармен, демеушілермен, жұртшылықпен жұмыс.
7. Мектептің материалдық-техникалық негізін нығайту.

- Қосымшалар:
- - кітапхананың жұмыс жоспары;
- - ата-аналар комитетінің жұмыс жоспары;
- - балаларға арналған жазғы сауықтыру жұмыстары.